

Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылығы 26 қыркүйектегі N 913 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Бірлескен қазақстандық-сингапурлық кәсіпорын, "Қаз-СТ Инжиниринг Бастау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерді жабдықтау үшін тауарлар - лингафондық және мультимедиялық кабинеттерді беруші болып белгіленсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 036 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бағдарламасы бойынша оларды сатып алуға көзделген қаражат шегінде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен және жергілікті бюджеттермен 2006 жылы 3948870000 (үш миллиард тоғыз жүз қырық сегіз миллион сегіз жүз жетпіс мың) теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 1576970000 (бір миллиард бес жүз жетпіс алты миллион тоғыз жүз жетпіс мың) теңге сомасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) тауарларды мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қаржы қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі